

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитетінің №3 мәжілісі хаттамасының шешімдері**

Түркістан қаласы

21.11.2025 ж.

Сағат: 15:00

Өткізілетін түрі: Сенат залы/онлайн **идентификатор:**91755516276, **пароль:** 900481

Регламент: 3-5 минут

Қатысқандар:

ҒК төрайымы Ошибаева А.Е., ҒК төрайым орынбасары Х.Масадиков, ҒК мүшелері, декан орынбасарлары, ынталы бағыт жетекшілері және монография авторы.

Күн тәртібі:

1. Ынталы ғылыми бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарының есептерін талқылау (ГОСТ үлгісі бойынша ұсынады) (*Баяндамашылар: ынталы ғылыми бағыт жетекшілері, факультет декандары /ҒЗИ директорлары, Ғылымды дамыту бойынша жобалық кеңсе басшысы А.Айымбетова*);

2. Proceeding конференцияларды ұйымдастырудың барысы туралы (*Қосымша №2 бойынша ұсынады*) (*Баяндамашылар: Факультет декандары, ҒЗИ/ҒЗО директорлары, Ғылымды дамыту бойынша жобалық кеңсе басшысы А.Айымбетова*);

3. Әр түрлі мәселелер:

3.1. Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасына 2023-2024 оқу жылында қыста қабылданған екінші курс бітіруші магистранттардың сын-пікір берушілер тізімін бекіту (*Факультет декандарының ұсынысы бойынша ұсынады*) (*Баяндамашы: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А.Досболов*);

3.2. Докторанттардың тақырыптары мен жетекшілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы (*Баяндамашы: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов*);

3.3. «Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары (магистратура, докторантура) бойынша ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстары туралы» (УЕ-ХҚТУ-105-2021) Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (*Баяндамашы: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А.Досболов*);

3.4. Ынталы ғылыми бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарының жетекшілерін және тақырыптарын ауыстыру мәселесі (*Баяндамашылар: Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы Р.Нұрділлаева, Экономика және басқару факультетінің деканы Й.Узун, Тұрақты даму ҒЗО директоры Т.Гаипов*).

3.5. Ынталы ғылыми бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарының жаңа тақырыптарын ҰМҒТСО-на тіркеу (*Баяндамашы: Тұрақты даму ҒЗО директоры Т.Гаипов*).

3.6. 2025 жылдың 6-7 қараша айында өткізілген Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор А.Н.Бахтибаевтың 85 жылдығына арналған «Физиканы оқыту және ғылыми зерттеулер: инновациялар, интеграция және интердисциплинарлық бағыттар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жиналған материалдар жинағын баспадан шығару мәселесі (Антиплагиат қорытындысы: ҰК1 – 4, 30%, ҰК2 – 2, 34%, жарна қаражаты есебі) (Баяндамашы: Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы Р.Нұрділлаева);

3.7. «ЖОО кейінгі медициналық білім беру» факультеті, «Арнайы хирургиялық пәндер» кафедрасының PhD А.Ерназаров дайындаған «Резистентті артериялық гипертонияны емдеуде хирургиялық инновациялық технологияларды қолдану» атты монографиясын Сенат мәжілісіне ұсыну (Рецензенттері: Ғылыми-клиникалық кардиохирургия және трансплантология орталығының директоры, м.ғ.д., профессор С.Джошибаев, University Medical Center клинико-академиялық интервенциялық кардиология және радиология департаментінің директоры, м.ғ.д. докторы М.Арипов, Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің хирургия және анестезиология-реанимация кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., профессор У.Муканова (Антиплагиат қорытындысы: ҰК1 – 6,32%, ҰК2 – 2,96%, өз қаражаты есебінен) (Баяндамашы: А.Ерназаров);

3.8. ЖТН BR24992814 «Оңтүстік Қазақстан өңірін тұрақты дамыту үшін инновациялық технологияларды әзірлеу және заманауи инфрақұрылым құру» атты бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру аясында дайындаған Б.Мырзабеков, Ф.Убаев «Азық-түлікке жарамды өсімдіктердің, медициналық өсімдіктердің, жемдік және жайлымдық өсімдіктердің, өңірдің карантиндік және арамшөп-рудералдық өсімдіктердің I және II-ші каталогы» еңбегін баспадан шығару мәселесі (Рецензенттері: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Жалпы биология және геномика кафедрасының PhD, қауымдастырылған профессор Ж.Аширова, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Биомедицина ғылыми-зерттеу орталығының директоры, PhD, профессор Ы.Әлібек, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD, қауымдастырылған профессор Ш.Шапалов, Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің биология кафедрасының б.ғ.д., профессоры К.Байтурсинов (Антиплагиат қорытындысы: ҰК1 – 7,02%, ҰК2 – 0,00%, ҰК1 – 2,87%, ҰК2 – 1,66%, жоба қаражаты есебінен) (Баяндамашы: Б.Мырзабеков, Ф.Убаев);

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

ШЕШІМДЕРІ:

1.1. Ынталы ғылыми бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарының есептері қабылданып, бекітілсін (қаржыландыру көзі 0 теңге).

1.1.1 №0123РКИ0113 «Білім беруді цифрландыру жағдайында оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін дамыту» (ынталы бағыт жетекшісі- Г.Кошанова) қорытынды есебі;

1.1.2 №0120РКИ0057 «Кондисерленген күй физикасы» (ынталы бағыт жетекшісі- С.Полатұлы) қорытынды есебі;

1.1.3 №0123РКИ0409 «Педагогикалық орта қалыптастыру арқылы оқу-тәрбие, оқу-сауықтыру үдерісін жетілдіру» (ынталы бағыт жетекшісі- А.Рахымжанов) қорытынды есебі;

1.1.4 №0123РКИ0200 «Қазақстандағы ислам: өткені, бүгіні, болашағы» (ынталы бағыт жетекшісі- Б.Сайфунов) қорытынды есебі;

1.1.5 №0123РКИ0125 «Жаңартылатын энергия көздері негізінде жұмыс істейтін гибридті жел генераторын зерттеу және құрастыру» (ынталы бағыт жетекшісі- Н.Рустамов) қорытынды есебі;

1.1.6 №0123РКИ0095 «Түркістан облысы тұрғындарында зат алмасу бұзылыстарының клинико-эпидемиологиялық ерекшеліктері» (ынталы бағыт жетекшісі-Ы.Молдалиев) қорытынды есебі;

1.1.7 №0123РКИ0082 «Түркі мәдениетінің сабақтастығы: туркология ғылымындағы тілдік, тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштер бағытына байланысты теориялық-әдіснамалық зерттеулер» (ынталы бағыт жетекшісі- Ш.Ибраев) қорытынды есебі;

1.1.8 №0123РКИ0158 «Қожа Ахмет Ясауи тарихи-сәулеттік кешенінің сақталуын арттырудың инновациялық тәсілдерін әзірлеу және енгізу» (ынталы бағыт жетекшісі-Н.Ахметов) қорытынды есебі.

1.1.19 №0123РКИ0078 «Биологиялық және биотехнологиялық ғылыми зерттеулердің заманауи технологияларын меңгерту мәселелері және Қазақстандық мұғалімдердің көп сауатты моделін дайындау негізінде биологиялық білім беру үрдісінің инновациялық әдістемелерін жасау» (ынталы бағыт жетекшісі- Ғ.Исаев) аралық есебі;

1.1.10 №0124РКИ0207 «Қоршаған орта нысандарының сапасын бағалау және экологиялық мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын зерттеу» (ынталы бағыт жетекшісі- Н.Әбдімүтәліп) аралық есебі;

1.2. «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының 2025-2026 жж. арналған ынталы ғылыми бағыттар бойынша жоба жетекшісі М.Ерденовтың «Қазақстанның қуаңшылдық жағдайында дәрілік, субтропикалық және бау-бақша өсімдіктерін жерсіндіру, сақтау және оларды көбейтудің агробиотехнологиялық әдістерін зерттеудің ғылыми негізін жасау» тақырыбы ҰМҒТСО-на тіркелмегендіктен қайта тіркелсін және есебі тапсырылсын (қаржыландыру көзі 0 теңге) (Жауаптылар: ынталы бағыт жетекшісі- М.Ерденов, «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры Б.Мырзабеков).

1.3. «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының 2025-2028 жж. арналған ынталы ғылыми бағыттар бойынша жоба жетекшісі М.Ерденовтың «Қазақстанның қуаңшылдық жағдайында біржылдық, көпжылдық және голландиялық гүлді өсімдіктердің көшеттік материалдарын көбейтудің агробиотехнологиялық әдістерін зерттеудің және елді мекендерін көгалдандырудың ғылыми негізін жасау» тақырыбы ҰМҒТСО-на тіркелмегендіктен қайта тіркелсін және есебі тапсырылсын (қаржыландыру көзі 0 теңге) (Жауаптылар: ынталы бағыт жетекшісі- М.Ерденов, «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры Б.Мырзабеков).

1.4. Стоматология факультетінің 2024-2025 жж. арналған ынталы ғылыми бағыттар бойынша жоба жетекшісі PhD, профессор К.Камбуроглу қызметтен кетуіне байланысты «Diagnosis of Caries and Periapical Pathologies with the Help of Artificial Intelligence from Dental Radiographs in Turkestan Region» тақырыбы

ҰМҒТСО-на тіркелмеуіне және есептің орындалмауына байланысты тізімнен шығарылсын, орнына басқа жаңа тақырып ұсынылсын (*Жауапты: Стоматология факультетінің деканы У.Татыкаева*).

1.5. Заң факультетінің 2024-2025 жж. арналған ынталы ғылыми бағыттар бойынша жоба жетекшісі PhD Е.С.Шалхаровтың «Ритуалдық қылмыстар, сталкинг және жыныстық мотивтағы құқықбұзушылықтар саласындағы ұйымдасқан қылмыс ұғымдарының криминалистикалық және криминологиялық сипаттамасы (Тарихи-археологиялық және мәдени мұра объектілеріне қастандық жасау саласындағы қылмыстарды қосумен)», PhD, аға оқытушы О.Б.Досекеевтың «Виртуалды шындық және жасанды интеллект векторларындағы фьючерс және материалдық емес құқық параметрлері тұрғысынан қазіргі заманғы құқық ғылымының даму тенденциялары», PhD, аға оқытушы М.М.Иманбекованың «Халықаралық ғарыштық, виртуалды және геномдық құқық саласындағы зерттеулер негізінде халықаралық құқықтың жаңа көкжиектерін анықтау мәселелері» тақырыптары ҰМҒТСО-на тіркелмеуіне және есептің орындалмауына байланысты тізімнен шығарылсын, орнына басқа жаңа тақырып ұсынылсын (*Жауапты: Заң факультетінің деканы Ә.Қасымбек*);

1.6. Университеттің барлық факультеттері мен ҒЗИ/ҒЗО-ларына кемінде бір ынталы ғылыми бағыт бойынша жоба тақырыбын ұсыну міндеттеліп, аяқталған жобалар бойынша жаңа тақырып ұсынылсын (*Жауаптылар: факультет декандары, ҒЗИ/ҒЗО директорлары, Ғылымды дамыту бойынша жобалық кеңсе басшысы А.Айымбетова*);

2. Proceeding конференцияларды ұйымдастырудың барысы туралы ақпарат назарға алынсын (*Жауаптылар: Факультет декандары, ҒЗИ/ҒЗО директорлары, Ғылымды дамыту бойынша жобалық кеңсе басшысы А.Айымбетова*);

3. Әр түрлі мәселелер:

3.1. Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасына 2023-2024 оқу жылында қыста қабылданған екінші курс бітіруші магистранттардың сын-пікір берушілер тізімі бекітілсін және бұйрыққа ұсынылсын (Кесте 1) (*Жауаптылар: Факультет декандары, Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А.Досболов, Тіркеуші офис басшысы Ж.Аймешов*).

3.2. Докторанттардың тақырыптары мен жетекшілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Сенат мәжілісіне ұсынылсын (*Жауапты: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А. Досболов*);

3.3. «Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары (магистратура, докторантура) бойынша ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстары туралы» (УЕ-ХҚТУ-105-2025) ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін (*Жауапты: Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А.Досболов*);

3.4. Ынталы ғылыми бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарының жетекшілерін және тақырыптарын ауыстыру мәселесі бойынша төмендегідей шешімдер қабылдансын.

3.4.1 Жаратылыстану ғылымдары факультетінің №0123РКИ0091 «Математиканың классикалық және классикалық емес есептерін шешу әдістері және оларды оқыту әдістемесі» атты ынталы бағыт жобасының жетекшісі М. Бөріхановтың қызметтен кетуіне байланысты жоба жетекшілігі М. Муратбековаға ауыстырылсын, осы жөнінде ҰМҒТСО-на хат жолдансын және есебі тапсырылсын (*қаржыландыру көзі 0 теңге*) (*Жауаптылар: Ынталы бағыт жетекшісі*

М.Муратбекова, Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы
Р.Нұрділлаева).

3.4.2 Экономика және басқару факультетінің №0123РКИ0122 «Қоғамның жаңаруы мен жаңғыруы жағдайында Түркістан облысында халықтың кедейлігін жоюдың аймақтық экономикалық тұжырымдамасын қалыптастыру және жетілдіру» атты ынталы бағыт жобасының жетекшісі Ж.Акимовтың қызметтен кетуіне байланысты жоба жетекшілігі А.Кенжебаеваға ауыстырылсын, осыған қатысты ҰМҒТСО-на хат жолдансын және есебі келесі мәжіліске ұсынылсын (қаржыландыру көзі 0 теңге) (Жауаптылар: Ынталы бағыт жетекшісі А.Кенжебаева, Экономика және басқару факультетінің деканы Й.Узун)

3.4.3 Тұрақты даму ғылыми зерттеу орталығының 2025-2026 жж. арналған ынталы ғылыми бағыттар бойынша жоба жетекшісі х.ғ.к. Т.Гаиповтың «Металл нанобөлшектерін қолдану арқылы энергия тиімділігі мен экологиялық тұрақтылықты арттыруға бағытталған инновациялық майлау материалдарын әзірлеу және тұрақты даму контекстінде жүзеге асыру» тақырыбы ҰМҒТСО-на тіркелмегендіктен стартап жобасы форматына ауыстырылсын (Жауапты: Тұрақты даму F3O директоры, жоба жетекшісі Т.Гаипов).

3.5. Ынталы ғылыми бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарының жаңа тақырыптары ҰМҒТСО-на тіркеу үшін төмендегідей ұсынылсын.

3.5.1 Тұрақты даму ғылыми зерттеу орталығының 2025-2026 жж. арналған ынталы ғылыми бағыттар бойынша жоба жетекшісі х.ғ.к. Т.Гаиповтың «Табиғи глауконит минералы негізінде мұнай мен мұнай өнімдерін, сондай-ақ радиоактивті және ауыр металдарды тиімді сіңіретін сорбент дайындау» тақырыбы ҰМҒТСО-на тіркеу үшін ұсынылсын (қаржыландыру көзі 0 теңге) (Жауапты: Тұрақты даму F3O директоры, жоба жетекшісі Т.Гаипов).

3.6. 2025 жылдың 6-7 қараша айында өткізілген Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор А.Н.Бахтибаевтың 85 жылдығына арналған «Физиканы оқыту және ғылыми зерттеулер: инновациялар, интеграция және интердисциплинарлық бағыттар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жиналған материалдар жинағы баспадан шығару мәселесі (жарна қаражаты есебінен) Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауапты: Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы Р.Нұрділлаева);

3.7. «ЖОО кейінгі медициналық білім беру» факультеті, «Арнайы хирургиялық пәндер» кафедрасының PhD А.Ерназаров дайындаған «Резистентті артериялық гипертонияны емдеуде хирургиялық инновациялық технологияларды қолдану» атты монографиясына түзетулер енгізілсін және келесі мәжілісте қайта қаралсын (Жауапты: А.Ерназаров);

3.8. ЖТН BR24992814 «Оңтүстік Қазақстан өңірін тұрақты дамыту үшін инновациялық технологияларды әзірлеу және заманауи инфрақұрылым құру» атты бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру аясында дайындаған Б.Мырзабеков, Ф.Убаев «Азық- түлікке жарамды өсімдіктердің, медициналық өсімдіктердің, жемдік және жайлымдық өсімдіктердің, өңірдің карантиндік және арамшөп-рудералдық өсімдіктердің I және II-ші каталогы» еңбегін баспадан шығару мәселесі (жоба қаражаты есебінен) Сенат мәжілісіне ұсынылсын (Жауаптылар: Б.Мырзабеков, Ф.Убаев);

Ғылым комитетінің төрайымы:

Мәжіліс хатшысы:

А.Ошибаева

Д. Төлегенова

